



**БЕКІТІЛГЕН**  
**Ғылыми кеңестің шешімімен**  
**№ 3 хаттама 2024 жылғы 31 қазан**

**БІЛІМ АЛУШЫЛАР ҮШІН ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРЖЫН**

**АҚТАУ, 2024**

## МАЗМҰНЫ

1	МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУ САЛАСЫ	3
2	ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕУЛЕР	3
3	ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР	3
4	ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	4
5	ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ ТӘРТІБІ	5
6	ОҚУ АҚЫСЫН ТӨЛЕУДЕ КӨРСЕТІЛЕТІН ЖЕҢІЛДІКТЕР	5
7	ЖАТАҚХАНАДА ТҰРУҒА ЖЕҢІЛДІКТЕР	8
8	БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ҒЫНТАЛАНДЫРУ	8
9	ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ АЛУ ҮШІН ҚАЖЕТ ҚҰЖАТТАР	9

Үшінші басылым

## 1. МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1. «Білім алушылар үшін Әлеуметтік қоржын» (ары қарай - Әлеуметтік қоржын) жоғары білімнің білім беру бағдарламалары (екінші жоғары білімнен басқа) бойынша күндіз оқитын білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету процедурасын реттейді.

1.2. Әлеуметтік қоржын келесі міндеттерді іске асыруға арналған:

- 1) студенттердің әлеуметтік тұрмыс жағдайын жақсарту;
- 2) салауатты өмір салтын насихаттау және студенттердің бос уақытын мәдени сауықтық іс-шаралармен өткізуді ұйымдастыру;
- 3) студенттерге оқуға, спортқа, ғылыми-ізденушілікке және қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысуға ынталандыру.

1.3. Әлеуметтік қоржын төмендегі құжаттар негізінде әзірленді:

- 1) ҚР "Білім туралы" Заңы, 27.07.2007 күнгі № 319 (өзгертулері және толықтыруларымен);
- 2) Жоғары және жоғары оқу орыннан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары, 20.07.2022 күнгі № 2 (өзгерістер мен толықтыруларымен);
- 3) Жоғары және жоғары оқу орыннан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары, 20.04.2011 күнгі № 152 (өзгерістер мен толықтыруларымен);
- 4) Жоғары және жоғары оқу орыннан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары, 30.10.2018 күнгі № 595 (өзгерістер мен толықтыруларымен);
- 5) ҚР «Неке және отбасы туралы» Кодексі, 26.12.2011 күнгі № 518-IV;
- 6) ҚР Әлеуметтік Кодексі, 20.04.2023 № 224-VII;
- 7) «Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті» КАҚ Жарғысы, ҚР Қаржы министрлігінің 04.06.2020 күнгі № 11933-1943 бұйрығымен бекітілген;
- 8) Есенов Университеті ішкі нормативтік құжаттары.

## 2. ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕУЛЕР

Есенов Университеті	– Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті
ҚР	– Қазақстан Республикасы
ҚР ҒЖБМ	– Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігі
ГРА	– Оқу үлгерімінің орташа балы
АЖ жөніндегі вице-президент	– Академиялық жұмыс жөніндегі вице-президент
СІҚБ жөніндегі вице-президент	– Студенттік істер және қоғаммен байланыс жөніндегі вице-президент
ӘҚЖД басқармасы	– Әлеуметтік қолдау көрсету және жастарды дамыту басқармасы

## 3. ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Әлеуметтік қоржында төмендегі түсініктемелер мен анықтамалар қолданылады:

1) **әлеуметтік қолдау** – оқуға және жатақханада тұруға жеңілдіктер мен ынталандырулар беру арқылы азаматтардың кейбір санаттарына көмек көрсету шаралар жүйесі;

2) **жетім** – 18 жасқа толғанға дейін екі немесе жалғыз ата-анасы қайтыс болған білім алушы;

3) **ата-анасының қамқорлығынсыз қалған** – 18 жасқа толғанға дейін ата-ана құқықтарының шектелуіне немесе олардан айрылуына, хабарсыз кеткен деп танылуына, қайтыс болған деп жариялануына, әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектелген деп

танылуына, бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеуіне, бала тәрбиелеуден немесе оның құқықтары мен мүдделерін қорғаудан жалтаруына, оның ішінде баланы тәрбиелеу немесе медициналық ұйымнан алудан бас тартуына байланысты, сондай-ақ ата-ана қамқоршылығы болмаған және ҚР заңдарында көзделген өз құқықтары мен мүдделерінің қажетті қорғалуын қамтамасыз етуге мұқтаж болған өзге де жағдайларда жалғыз ата-анасының немесе екеуінің де қамқорлығынан айрылған бала;

4) **көп балалы отбасы** – құрамында бірге тұратын кәмелетке толмаған төрт және одан көп балалары, оның ішінде кәмелеттік жасқа толғаннан кейін білім беру ұйымдарын бітіретін уақытқа дейін (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын балалары бар отбасы;

5) **мүгедек** – тыныс-тіршілігінің шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттігіне алып келетін, ауруларға, мертiгулерге (жаралануға, жарақаттарға, контузияларға), олардың зардаптарына, бұзылуларына байланысты организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығы нашарлаған адам.

#### 4. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1. Әлеуметтік қоржын Есенов Университетінде білім алуға ниет білдірген талапкерлерге оқуға қабылдау кезінде және 1-5 курс білім алушылары үшін әлеуметтік қолдау көрсетуге бағытталған.

4.2. **Әлеуметтік қолдау көрсету мәселелерін қарау үшін арнайы комиссия құрылады.**

**Комиссия төмендегі функцияларды атқарады:**

1) факультет деканаттарына түскен өтініштер мен құжаттарды қарау;  
2) әлеуметтік қолдаудың көлемі туралы ұсыныстар беру;  
3) әлеуметтік қолдауды мерзімінен бұрын тоқтату: оқу тәртібін, ішкі тәртіпті, жатақханада тұру тәртібін бұзған жағдайда факультет деканының немесе жастар ұйымының ұсынысымен.

4.3. Комиссия, университеттің атын шығарып, жағымды имиджін құруға үлесін қосып жүрген студенттердің қоржыннан тыс өтініштерін қарастыра алады.

4.4. Комиссия Әлеуметтік қоржында көрсетілмеген қосымша құжаттарды сұратуға құқылы.

4.5. Комиссия отырысы жылына 2 рет өткізіледі: қазан және ақпан айларының 1-ші аптасында.

4.6. Комиссия отырысы оның құрамының кемінде 2/3 бөлігі қатысқан жағдайда күзiреттi болып саналады. Комиссия шешiмi хаттамамен рәсiмделедi.

4.7. Комиссия хаттамаларын рәсiмдеудi және олар мен басқа да материалдарды сақтауды комиссия хатшысы жүзеге асырады.

4.8. Әлеуметтік қолдау университетте жоғары білімнің білім беру бағдарламалары (екінші жоғары білімнен басқа) бойынша күндіз оқитын ҚР азаматтарына ғана көрсетiледi.

4.9. Оқу жылы ішінде **тәртіп бұзушылық** орын алған болса, оқу көрсеткіші төмен болған жағдайда студент факультет деканының ұсынысы бойынша ағымдағы оқу жылында әлеуметтік көмектен айырылады.

4.10. Қабылдау комиссиясы - Әлеуметтік қоржынға сәйкес **«Менің таңдауым – Есенов Университеті»** және **«Спорт жетістіктері»** бағыттары бойынша талапкерлердің құжаттарын қабылдап, қарайды және сәйкесінше жеңілдік беру туралы бұйрыққа ұсыныс енгізеді.

4.11. Факультет деканаттары - әлеуметтік қоржынға сәйкес әлеуметтік бағыттар бойынша студенттердің құжаттарын қабылдап, сәйкесінше жеңілдік беру үшін комиссия қарауына ұсынады. Комиссия шешімі негізінде үш жұмыс күні ішінде студенттерге әлеуметтік қолдау тағайындау туралы бұйрық шығарылады.

4.12. Мекемелер (ұйым, кәсіпорын және т.б.) есебінен оқитын студенттердің оқу ақысына жеңілдіктер берілмейді.

4.13. Әлеуметтік қоржын келесідей әлеуметтік қолдау түрлерін қарастырады:

- 1) Оқу ақысына жеңілдік;
- 2) Әлеуметтік-тұрмыстық жеңілдік;
- 3) Жоғары жетістіктері үшін ынталандыру.

4.14. Оқу ақысына көрсетілетін жеңілдіктер алдыңғы семестр емтихандарын **«жақсы» және «үздік»** бағаларға тапсырған студенттерге беріледі. Жеңілдіктер 1 семестрге беріледі.

4.15. Жеңілдік келесі академиялық кезеңдерде оқу үлгерімі талапқа сәйкес болған жағдайда сақталады.

Емтиханды қайта тапсыру арқылы жоғарылатылған **GPA** есепке алынбайды.

4.16. **Жеңілдік мерзімін ұзартудың қосымша шарты** - білім алушының университеттік шараларға белсенді қатысуы және жеңілдік алған бағыты бойынша жаңа жетістіктері болуы.

4.17. Үміткердің Әлеуметтік қоржын бойынша тек бір ғана түрін пайдалануға мүмкіндігі бар.

## 5. ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ ТӘРТІБІ

### Өтініштерді қабылдау тәртібі.

5.1.1. Әлеуметтік қолдау алу үшін үміткер өтінішке қоса осы Әлеуметтік қоржынның қосымшасында көрсетілген бағыттары бойынша тиісті құжаттардың көшірмелерімен қатар олардың түп нұсқаларын да тапсыруы қажет:

- 1) **талапкер** - қабылдау комиссиясына тапсырады;
- 2) **2-5 курс** білім алушылары - факультет деканатына.

Қабылдау комиссиясы және деканат құжаттарды қабылдау барысында көшірмелерді салыстырады да, түп нұсқаларды иесіне қайтарып береді.

5.1.2. Құжаттарды факультет деканатына тапсыру мерзімі академиялық кезеңдердің басында **30 қыркүйекке және 31 қантарға дейін**:

- 1) алғашқы рет – құжаттардың толық топтамасы;
- 2) жалғастыру үшін – транскрипт және қосымша қажетті құжаттар.

Құжаттар топтамасы толық болмаған жағдайда қабылданбайды.

## 6. ОҚУ АҚЫСЫН ТӨЛЕУДЕ КӨРСЕТІЛЕТІН ЖЕҢІЛДІКТЕР

6.1. **«Менің Таңдауым - Есенов Университеті» ұраны** аясында қарастырылатын жеңілдіктер университетке білім деңгейі, интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттері жоғары талапкерлерді тарту мақсатында тағайындалады.

«Менің таңдауым Есенов Университеті» ұраны аясында жеңілдік алу үшін талапкердің ҰБТ нәтижесі бойынша шекті балы болуы тиіс.

Жеңілдік мерзімін ұзарту үшін:

6.1.1. Алдыңғы академиялық кезеңнің **GPA** нәтижесі **3,33** - тен кем емес болуы қажет және бастапқыда алған жеңілдік көлемі келесі көрсеткіштерге сәйкестендіріледі:

- а) 100 % жеңілдік бойынша: - GPA 3.67 – 4.0 - 100 %;  
- GPA 3.33 – 3,66 - 75 %;
- б) 75 % жеңілдік бойынша: - GPA 3.67 – 4.0 - 75 %;  
- GPA 3.33 – 3,66 - 50 %;
- в) 50 % жеңілдік бойынша: - GPA 3.67 – 4.0 - 50 %;  
- GPA 3.33 – 3,66 - 25 %;
- г) 25 % жеңілдік бойынша: - GPA 3.67 – 4.0 - 25 %;  
- GPA 3.33 – 3,66 - 15 %;
- д) 15 % жеңілдік бойынша: - GPA 3.33 - тен кем емес болуы.

6.1.2. Келесі бағыттар бойынша жеңілдікті сақтап қалу үшін білім алушының 2 курстан бастап GPA-дан бөлек өз бағытына сай жаңа көрсеткіштері болуы қажет:

1) «**JAS KASIPKER**» жеңімпазы – университет шараларына белсенді қатысуы және кәсіпкерлік бағытындағы жетістіктері болуы немесе STARTUP жобаларын іске асыру;

2) «**YU Debate CUP**» жеңімпазы – университет дебат клубының белсенді мүшесі болуы және республикалық турнирлердің жеңімпазы немесе жүлдегері болуы;

3) «**Yessenov**» республикалық оқушылар пәндік олимпиада жеңімпазы - халықаралық немесе республикалық олимпиадаларға қатысу және жүлдегер болуы.

6.1.3. GPA көрсеткішін шекті деңгейден түсіріп алған студентке келесі академиялық кезеңдерде жеңілдік ең төмен мөлшерден бастап (15%), кейінгі GPA көрсеткішіне сай сатылай көтеріліп тағайындалады.

6.1.4. «Менің таңдауым - Есенов Университеті» ұраны аясында көрсетілген жеңілдіктер оқу жылы ішінде қайта қабылданған студентке қарастырылмайды.

р/с №№	Талапкердің жетістіктері мен көрсеткіштері	Жеңілдік мөлшері
1	«Алтын белгі» иегері	100 %
2	ҚР ҒЖБМ ресми тізіміне кірген халықаралық және республикалық олимпиадалар немесе конкурстар жеңімпазы	1 орын - 100 % 2 орын - 75 % 3 орын - 50 %
3	«Yessenov» республикалық оқушылар пәндік олимпиада жеңімпаздары	1 орын - 100 % 2 орын - 75 % 3 орын - 50 %
4	«JAS KASIPKER» республикалық жастар бизнес-жобалары байқауының жеңімпазы	1 орын - 100% 2 орын - 75% 3 орын - 50%
5	«YU Debate CUP» республикалық дебат турнирінің жеңімпазы	1 орын - 100% 2 орын - 75% 3 орын - 50 %
6	ЖОО тізімінде бірінші етіп Есенов Университетін таңдаған мемлекеттік грант үміткері ҰБТ қорытындысы бойынша алған баллына сәйкес	<b>Маңғыстау өңірінің түлектеріне:</b> 1) 120-140 балл - 100%; 2) 100-119 балл - 75%; 3) 80-99 балл - 50%; 4) 50-79 балл - 25%
		<b>Басқа өңірлердің түлектеріне:</b> 1) 100-140 балл - 100%; 2) 75-99 балл - 75%; 3) 50-74 балл - 50%
		<b>Техникалық білім беру бағдарламалары үшін:</b> 1) 120-140 балл - 100%; 2) 100-119 балл - 75%; 3) 80-99 балл - 50%; 4) 50-79 балл - 25%
7	ЖОО.kz конкурсының жеңімпаздары	100%
8	Соңғы 2 жылда әскери қызмет өткергендер (техникалық білім беру бағдарламалары үшін қарастырылады)	100% (әңгімелесу нәтижелері бойынша)

9	Есенов колледж түлектері	25%
---	--------------------------	-----

**6.2. СПОРТ жетістіктері бойынша** жеңілдіктер университет имиджі туралы жағымды көзқарас қалыптастыру және талантты жастарды Есенов Университетіне тарту мақсатында тағайындалады.

Бұл жеңілдіктерді алуға, таңдаған оқу бағдарламасына қарамастан, спорт саласында жоғары жетістіктерге жеткен атақтары бар талапкер-спортшы талаптана алады.

Жеңілдік алған спортшы-білім алушы мерзімінен бұрын оқудан шығып қалған жағдайда **жеңілдік сомасын** он күн ішінде университетке қайтаруы тиіс. Содан кейін ғана білім алушыға тиісті анықтама беріледі.

Жеңілдік мерзімін ұзарту үшін білім алушы дәрежесін жаңа жетістіктерімен растайды (оқу үлгерімі есепке алынбайды).

№	Талапкердің жетістіктері мен көрсеткіштері	Жеңілдік мөлшері
1	Олимпиада немесе Азия ойындарында жүлделі орынға ие болған ҚР құрама командасының мүшесі, ҚР еңбек сіңірген спорт шебері, халықаралық дәрежедегі спорт шебері, спорт шебері, спорт шеберіне үміткер	1 жылға 100%
2	Еуропа немесе Әлем чемпионатында немесе Азия чемпионатында, Әлем кубогі (әлем кубогі кезеңдері, әлем «Гран-При»), Азия кубогі (Азия кубогі кезеңдері, Азия «Гран-При»), Еуропа кубогі (Еуропа кубогі кезеңдері, Еуропа «Гран-При»), халықаралық жарыстар (турнирлер) «А» категориясы бойынша жүлделі орынға ие болған ҚР ұлттық құрама командасының белсенді мүшесі, ҚР еңбек сіңірген спорт шебері, халықаралық дәрежедегі спорт шебері, спорт шебері, спорт шеберіне үміткер	1 жылға 1 орын-100% 2 орын - 75% 3 орын - 50%
3	ҚР чемпионатында немесе Универсиада не ұлттық лига (студенттер арасында) спорттық жарыстарда жүлделі орынға ие болған университет құрама командасының белсенді мүшесі, ҚР еңбек сіңірген спорт шебері, халықаралық дәрежедегі спорт шебері, спорт шебері, спорт шеберіне үміткер	1 жылға 1 орын - 100% 2 орын - 75% 3 орын - 50%

**6.1. ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙЫНА БАЙЛАНЫСТЫ** көрсетілетін әлеуметтік қолдау тұрмыс-тіршілігі осал білім алушыларды ынталандыру мақсатында тағайындалады.

Әлеуметтік қолдау бір академиялық кезеңге беріледі және семестрлік оқу үлгерімі талапқа сай және **GPA 3,00 - нен** жоғары болғанда жалғастырылады.

Емтиханды қайта тапсыру арқылы жоғарылатылған **GPA** есепке алынбайды.

р/с №№	Білім алушының оқу жетістіктері және әлеуметтік жағдайы	Жеңілдік мөлшері
1.	Алдыңғы оқу жылының емтихан сессияларын «А» бағаға тапсырған ерекше үлгідегі аттестат немесе үздік диплом иегері	30 %
2.	Алдыңғы оқу жылының емтихан сессияларын «А» және «А-» тапсырған білім алушы	20 %
3.	Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	30 %
4.	Білім алушы I топтағы мүгедек	25 %
5.	Білім алушы II топтағы мүгедек	20 %
6.	Білім алушының ата-аналары (екеуі де немесе жалғыз) I топтағы	25 %

	мүгедектер	
7.	Білім алушының ата-аналары (екеуі де немесе жалғыз) II топтағы мүгедектер	20 %
8.	Білім алушының анасы от басында 18 жасқа толмаған төрт баласы бар «Алтын алқа» иегері	25 %
9.	Білім алушының анасы от басында 18 жасқа толмаған төрт баласы бар «Күміс алқа» иегері	20 %
10.	Есенов Университетінде бір отбасынан ақылы негізде екі немесе одан да көп балалар бір мезгілде оқиды: 1) бірінші білім алушы 2) екінші білім алушы 3) үшінші білім алушы	1) 15 % 2) 20 % 3) 25 %
11.	Білім алушының ата-анасының Есенов Университетіндегі жұмыс өтілі: 1) 5-10 жыл аралығында 2) 10 жылдан асқан	1) 15 % 2) 25 %

## 7. ЖАТАҚХАНАДА ТҰРУҒА ЖЕҢІЛДІКТЕР

7.1. Төменде көрсетілген қалалық емес білім алушыларға жатақханада тұруға жеңілдік беріледі:

№	Әлеуметтік санаты	Жеңілдік мөлшері
1	Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	100 %
2	<b>1, 2 топтағы</b> және бала кезінен мүгедектер	50 %
3	Университетте оқып жүргенде өкпе құрт ауруына шалдыққан білім алушы	50 %

## 8. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ЫНТАЛАНДЫРУ

8.1. Білім алушылар оқудағы, ғылыми-ізденушілік және қоғамдық жұмыстардағы жоғары деңгейдегі көрсеткіштері үшін төмендегідей мадақталады:

№	Байқаудың, іс-шараның аталуы	Ынталандыру түрлері
1	Қазақстаннан тысқары елде өткізілген ресми халықаралық пәндік олимпиадалар, байқаулар мен жарыстар	Жекелей есеп бойынша сыйақылар: 1 орын үшін – 45 000 теңге; 2 орын үшін – 30 000 теңге; 3 орын үшін – 15 000 теңге.
		Командалық есеп бойынша сыйақылар: 1 орын үшін – 60 000 теңге; 2 орын үшін – 45 000 теңге; 3 орын үшін – 30 000 теңге.
2	Есенов Университетінде немесе одан тысқары жерде өткізілген ресми республикалық пәндік олимпиадалар, байқаулар мен жарыстар	Жекелей есеп бойынша сыйақылар: 1 орын үшін – 30 000 теңге; 2 орын үшін – 22 500 теңге; 3 орын үшін – 15 000 теңге.
		Командалық есеп бойынша сыйақылар:



		1 орын үшін – 45 000 теңге; 2 орын үшін – 30 000 теңге; 3 орын үшін – 22 500 теңге.
--	--	---

8.2. Халықаралық және республикалық пәндік олимпиадалар, байқаулар және сайыстар жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне біржолғы сыйақы беру аталған шаралардың өткізілген фактісі бойынша автоматтандырылған жүйеде факультет деканының ұсынысы негізінде уақытылы жүзеге асырылады.

8.3. Университетте оқыған жылдарының қорытындысы бойынша оқуда, ғылымда және қоғамдық жұмыстарда үздік көрсеткіштерге жеткен білім алушылардың ата-аналарына Есенов Университеті президентінің Алғысы жолданады.

**Ескертпе:** жазғы семестрдің оқу ақысына жеңілдіктер қарастырылмайды.

## ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ АЛУ ҮШІН ҚАЖЕТ ҚҰЖАТТАР

### 6.1. «Менің таңдауым - Есенов Университеті» ұраны бойынша

№	ӘҚ тармақтары	Құжаттар атаулары
1	Алтын белгі иегері	1) талапкердің университет ректорының атына өтініші; 2) жеке төлқұжат көшірмесі; 3) ҰБТ сертификаты; 4) «Алтын белгі» иегері куәлігінің көшірмесі
2	ҚР БҒМ ресми тізіміне кірген халықаралық және республикалық олимпиадалар немесе конкурстар жеңімпазы	1) талапкердің университет ректорының атына өтініші; 2) жеке төлқұжат көшірмесі; 3) ҰБТ сертификаты; 4) тиісті диплом көшірмесі
3	«Yessenov» республикалық оқушылар пәндік олимпиада жеңімпаздары	1) талапкердің университет ректорының атына өтініші; 2) жеке төлқұжат көшірмесі; 3) ҰБТ сертификаты; 4) тиісті диплом көшірмесі
4	«JAS KASIPKER» республикалық жастар бизнес-жобалар байқауының жеңімпазы	1) талапкердің университет ректорының атына өтініші; 2) жеке төлқұжат көшірмесі; 3) ҰБТ сертификаты; 4) тиісті диплом көшірмесі
5	«YU Debate CUP» республикалық дебат турнирінің жеңімпазы	1) талапкердің университет ректорының атына өтініші; 2) жеке төлқұжат көшірмесі; 3) ҰБТ сертификаты; 4) тиісті диплом көшірмесі
6	ЖОО тізімінде бірінші етіп Есенов Университетін таңдаған мемлекеттік грант үміткері	1) талапкердің университет ректорының атына өтініші; 2) жеке төлқұжат көшірмесі; 3) ҰБТ сертификаты; 4) мемлекеттік грантқа берілген өтініш
7	Спорт жетістіктері	1) талапкердің университет ректорының атына өтініші; 2) жеке төлқұжат көшірмесі; 3) ҰБТ немесе КТ сертификаты; 4) мемлекеттік грантқа берілген өтініш көшірмесі. 5) спорттық дәрежесі, атағы немесе разряды туралы куәлік көшірмесі; 6) ҚР немесе облыстық ұлттық құрама мүшелігін растайтын анықтама 7) тиісті дипломдар көшірмесі; 8) жарыстың хаттама көшірмесі
8	ЖОО.kz конкурс жеңімпазы	1) талапкердің университет ректорының атына өтініші; 2) жеке төлқұжат көшірмесі;

		3) ҰБТ сертификаты; 4) JOO.kz конкурсының хаттамасы және келісім шарты
9	<b>Соңғы 2 жылда әскери қызмет өткерген</b>	1) талапкердің университет ректорының атына өтініші; 2) жеке төлқұжат көшірмесі; 3) орта білім туралы аттестаты; 4) Әскери билет көшірмесі (мерзімі қызмет өткергеннен кейін 2 жылдан артық болмауы тиіс)
10	<b>Есенов колледж түлектері</b>	1) талапкердің университет ректорының атына өтініші; 2) жеке төлқұжат көшірмесі; 3) ҰБТ сертификаты; 4) Есенов колледжінің дипломы көшірмесі;

**6.2. Оқу жетістіктері және әлеуметтік жағдайына байланысты көрсетілетін әлеуметтік қолдау түрлері бойынша**

<b>№</b>	<b>ӘҚ тармақтары</b>	<b>Құжаттар атаулары</b>
1	<b>Алдыңғы оқу жылының емтихан сессияларын тек қана «А» бағаға тапсырған білім алушы</b>	1) Білім алушының университет ректорының атына өтініші; 2) жеке төлқұжат көшірмесі; 3) тіркеу офисінен берілген транскрипт, ҰБТ сертификаты
2	<b>Алдыңғы оқу жылының емтихан сессияларын тек қана «А» және «А-» бағаға тапсырған білім алушы</b>	1) Білім алушының университет ректорының атына өтініші; 2) жеке төлқұжат көшірмесі; 3) тіркеу офисінен берілген транскрипт, ҰБТ сертификаты
3	<b>Тұлдыр жетім және ата-анасының қамқорынсыз қалған балалар</b>	1) Білім алушының өтініші; 2) тіркеу офисінен берілген транскрипт
4	<b>Білім алушы I-топтағы мүгедек</b>	1) Білім алушының өтініші; 2) білім алушының жеке төлқұжат көшірмесі; 3) мүгедектігі туралы құжат көшірмесі; 4) тіркеу офисінен берілген транскрипт
5	<b>Білім алушы II-топтағы мүгедек</b>	1) Білім алушының өтініші; 2) білім алушының жеке төлқұжат көшірмесі; 3) мүгедектігі туралы құжат көшірмесі; 4) тіркеу офисінен берілген транскрипт
6	<b>Білім алушының ата-аналарының екеуі де немесе жалғыз ата-анасы I-топтағы мүгедектер</b>	1) Білім алушының өтініші; 2) білім алушының жеке төлқұжат көшірмесі; 3) білім алушының туу туралы куәлік көшірмесі; 4) білім алушының екі немесе жалғыз ата-анасының мүгедектігі туралы куәліктер көшірмесі; 5) тіркеу офисінен берілген транскрипт
7	<b>Білім алушының ата-аналарының екеуі де немесе жалғыз ата-анасы II-топтағы</b>	1) Білім алушының өтініші; 2) жеке төлқұжат көшірмесі; 3) Білім алушының туу туралы куәлік көшірмесі;

	<b>мүгедектер</b>	4) Білім алушының екі немесе жалғыз ата-анасының мүгедектігі туралы куәліктер көшірмесі; 5) тіркеу офісінен берілген транскрипт
8	<b>Білім алушының анасы от басында 18 жасқа толмаған төрт баласы бар «Алтын алқа» иегері</b>	1) Білім алушының өтініші; 2) жеке төлқұжат көшірмесі; 3) студенттің туу туралы куәлігінің көшірмесі; 4) 18 жасқа толмаған басқа балалардың туу туралы куәліктерінің көшірмелері; 5) «Алтын алқа» иегері куәлігінің көшірмесі; 6) тіркеу офісінен берілген транскрипт
9	<b>Білім алушының анасы от басында 18 жасқа толмаған төрт баласы бар «Күміс алқа» иегері</b>	1) Білім алушының өтініші; 2) жеке төлқұжат көшірмесі; 3) білім алушының туу туралы куәлігінің көшірмесі; 4) 18 жасқа толмаған басқа балалардың туу туралы куәліктерінің көшірмелері; 5) «Күміс алқа» иегері куәлігінің көшірмесі; 6) тіркеу офісінен берілген транскрипт
10	<b>Есенов Университетінде бір отбасынан ақылы негізде екі немесе одан да көп балалар бір мезгілде оқиды</b>	1) Білім алушының өтініші; 2) жеке төлқұжаттарының көшірмесі; 3) білім алушылардың туу туралы куәліктерінің көшірмесі; 4) тіркеу офісінен берілген транскрипттері
11	<b>Білім алушының ата-анасының Есенов Университетіндегі жұмыс өтілі бес жылдан асқан</b>	1) Білім алушының өтініші; 2) жеке төлқұжат көшірмесі; 3) Білім алушының туу туралы куәлігінің көшірмесі; 4) Білім алушының университетте жұмыс жасайтын ата-анасының жеке төлқұжат көшірмесі; 5) кадрлар бөлімінің ата-ананың еңбек өтілі туралы анықтамасы; 6) тіркеу офісінен берілген транскрипт

#### 6. Жатақханада тұруға жеңілдіктер

1	<b>Тұлдыр жетім және ата-анасының қамқорынсыз қалған балалар</b>	1) Білім алушының өтініші;
2	<b>Білім алушы I, II топтағы мүгедек</b>	1) білім алушының өтініші; 2) мүгедектігі туралы куәлік көшірмесі
	<b>Білім алушы университетте оқып жүргенде өкпе құрт ауруына шалдыққан</b>	1) білім алушының өтініші; 2) диагнозын растайтын құжат

#### 8. Білім алушыларды ынталандыру

1	<b>Қазақстаннан тысқары елде өткізілген ресми халықаралық пәндік олимпиадалар, байқаулар мен сайыстардағы жоғарғы көрсеткіштері</b>	1. білім алушының өтініші; 2. жеке төлқұжат көшірмесі; 3. факультет деканының басқарушы вице-президентпен
---	---	---

		<p>келісілген ұсынысы;  4. іссапарға жіберу туралы университет бұйрығы;  5) тиісті диплом көшірмесі</p>
2	<p><b>Есенов Университетінде немесе одан тысқары жерде өткізілген республикалық пәндік олимпиадалар, байқаулар мен сайыстардағы жоғарғы көрсеткіштері</b></p>	<p>1. білім алушының өтініші;  2. жеке төлқұжат көшірмесі;  3. факультет деканының басқарушы проректормен келісілген ұсынысы;  4. іссапарға жіберу немесе Есенов Университетінде өткізілген олимпиадаға қатысу туралы бұйрық;  5. тиісті диплом көшірмесі</p>
3	<p><b>Білім алушының ата-аналарына Есенов Университеті Президентінің Алғыс хаты</b></p>	<p>факультет деканының ӘҚЖД басқармасымен келісілген ұсынысы</p>